

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 477-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3278. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 54-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 54-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына және Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысының 3-тармағына сәйкес, сондай-ақ энергияны тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта құрылымдауға бағытталған, қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы түрінде заңнамада белгіленген тәртіппен қаражаттар енгізген табиғи монополия субъектілерінің тұтынушылары үшін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) есептеу мен бекітудің бірыңғай тәртібін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

1. Қоса беріліп отырған Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Д.Х.Тоқыбаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (М.А. Токарева) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) осы бұйрықтың ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Н.Ш. Алдабергеновқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 477-НҚ бұйрығымен бекітілген

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және энергияны тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта құрылымдауға бағытталған, қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы түрінде заңнамада белгіленген тәртіппен қаражаттар енгізген табиғи монополия субъектілерінің тұтынушылары үшін электр және (немесе) жылу энергиясын

беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) есептеу мен бекітудің (бұдан әрі - тарифтер) бірыңғай тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже меншік нысанына қарамастан, электр және (немесе) жылу энергиясын беруді және (немесе) бөлуді жүзеге асыратын барлық табиғи монополия субъектілеріне (бұдан әрі - Субъект) қолданылады.

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады: уәкілетті орган - табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Осы Ережеде пайдаланылып отырған өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер бекіту тәртібі

4. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы енгізген тұтынушы үшін тарифті Субъект есептейді. Тарифті бекіту туралы Субъектінің шешімі тарифтің қолданылуы мерзімі көрсетілген Субъектінің бірінші басшысының бұйрығы түрінде қабылданады. Тарифті бекіту туралы бұйрықты Субъект қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы енгізгенін растайтын, есептер мен негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып, оған қол қойылған күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде келісу үшін уәкілетті органға жібереді.

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуді көздейтін тариф қолданысының мерзімін қайта қараған жағдайда, Субъект тарифті бекіту туралы бұйрыққа тиісті өзгеріс енгізеді және оны уәкілетті органға келісуге береді.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

5. Уәкілетті орган Субъект ұсынған шешім мен негіздеуші материалдарға тиісті материалдардың уәкілетті органға түскен күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде сараптама жүргізеді.

6. Қажет болған жағдайда, уәкілетті орган жазбаша түрде қосымша ақпарат, оның ұсынылу мерзімін көрсете отырып, сұратады.

Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат, оны уәкілетті органға ұсынудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

7. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы енгізген тұтынушыға, осы тұтынушы үшін Субъектінің бұйрығымен бекітілген тарифті ескере отырып, Субъекті мен тұтынушы арасындағы жасалған шартқа қосымша негізінде тариф

бекітілген айдан кейінгі айдың 1 күнінен бастап, электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) бөлу жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

8. Субъект қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушының назарына тарифті төмендету туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізеді.

3. Тұтынушылардың қосымша қуаттарды қосқаны үшін шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтің деңгейін есептеу тәртібі

9. Табиғи монополия субъектісінің уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданылу кезеңінде алған табыстары жылдық амортизация сомасының елу проценті кемітілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға қажетті шығындардың құнынан төмен болмауға тиіс.

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуді көздейтін тариф ең аз мүмкін болатын шекті тарифтің (Т1) деңгейінде белгіленеді және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T1 = \frac{T \times V - (П + А)}{V}, \text{ мұндағы}$$

T1 - қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуді көздейтін тариф (ең аз мүмкін болатын шекті тарифтің деңгейі), теңге;

T - заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тариф;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жылдық көлемі;

П - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда, теңге;

А - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация, теңге.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

9-1. Негізгі құралдары сенімгерлік басқаруға, мүліктік жалдауға, лизинг бойынша алынған Субъекті үшін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тарифте электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсеткен кезде пайдаланылатын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары ескерілмеген жағдайда қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуін көздейтін тариф (Т1) мына формула бойынша есептеледі:

$$T1 = \frac{T \times V - (П + 0,5 \times 3 \text{ жалд.})}{V}, \text{ мұндағы}$$

T1 - қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуін көздейтін тариф, теңге;

T - заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тариф;

V - бекітілген тарифтік сметада ескерілген қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жылдық көлемі;

П - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда, теңге;

З жалд. - заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтік сметада ескерілген негізгі құралдарды пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеуге арналған шығыстар, теңге.

Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

10. Субъект қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушының шығындарын өтеуді көздейтін тарифтің қолданылу кезеңін мынадай формула бойынша айқындайды:

$$n = \frac{S_{вл.}}{(T - T1) * V_{потр.}}, \text{ мұндағы}$$

n - қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушының шығындарын өтеуді көздейтін тарифтің қолданылу кезеңі;

S вл. - тұтынушылар электр және жылу энергиясын тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта құрылымдауға бағытталған, қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы түрінде заңнамада белгіленген тәртіппен енгізген ақша қаражаттарының сомасы, теңге;

V потр. - ниет хаттамаларымен, шарттармен, даму жоспарларымен және басқа да құжаттармен расталған қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы енгізген тұтынушының электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерді тұтынушының болжамды жылдық көлемі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

1 1 . С у б ъ е к т :

1) осы Ереженің 10-тармағына сәйкес тариф қолданысының кезеңін бастапқы айқындаған кезде ескерілген тұтыну көлемінен қызметтерді тұтынудың іс жүзіндегі жылдық көлемінен ауытқыған;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тарифті немесе оның шекті деңгейін уәкілетті орган бекіткен жағдайда қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуін көздейтін тариф қолданысының кезеңін қайта қарайды.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

11-1. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуін көздейтін тариф қолданысының кезеңінде Субъект уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тариф немесе оның шекті деңгейін бекітуге арналған өтініммен жүгінуге құқылы.

Бұл ретте жаңа тарифтің деңгейін негіздеуге алынған Субъект көрсететін қызметтердің көлеміне қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы енгізген тұтынушылардың электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерді тұтынудың жиынтық болжамды көлемі қосылады.

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

11-2. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеуін көздейтін тариф қолданысының кезеңінде Субъект жыл сайын (және тарифті қолданысқа енгізген күннен бастап өспелі қорытындысымен) Субъект бекіткен тарифті ескере отырып осы тұтынушыға электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтердің іс жүзінде ұсынылған көлемі және тұтынушыға іс жүзінде ұсынылған қызметтер көлемінің туындысы ретінде айқындайтын және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтің (Т) және қосымша қуаттарды қосқаны үшін шығындардың өтеуін көздейтін тарифтің (Т1) арасындағы айырмашылықты қайтару сомасы туралы ақпаратты қ о р ы т ы н д ы л а й д ы .

Субъект ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін уәкілетті органға қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы енгізген тұтынушыларға электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтердің іс жүзінде ұсынылған көлемдері туралы тұтынушылар бойынша бөле отырып және өткен күнтізбелік жыл үшін қайтару сомаларын және тарифті қолданысқа енгізген күннен бастап өспелі қорытындысымен жинақталған ақпаратты ұсынады.

Ескерту: 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ бұйрығымен .

4. Осы Ереженің бұзылғаны үшін жауапкершілік

12. Осы Ережені бұзуға жол берген Субъектілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылуы мүмкін.